

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1010 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 479 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.28 № 361 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығу ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1010 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 28, 354-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығу ережесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының азаматына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуына рұқсат беруден уақытша бас тартылуы мүмкін.";

8-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Аумақтық ішкі істер органдары Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығу туралы өтініш білдірген азаматтарда Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығудан бас тарту негіздерінің жоқтығына т е к с е р у жү р г і з е д і .

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығу туралы өтініш білдірген азаматтарға қатысты ішкі істер органдарының сұрау салуларын мүдделі мемлекеттік органдар он күн мерзімде қарайды."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК